

## Есіл ауданында тұратын, аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібін және мөлшерін анықтау туралы

### *Күшін жойған*

Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 2015 жылғы 31 наурыздағы № 41/7 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 29 сәуірде № 4770 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 2018 жылғы 23 қарашадағы № 39/4 шешімімен

Ескеरту. Күші жойылды - Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 23.11.2018 № 39/4 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6 бабына, "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97 бабына сәйкес Есіл аудандық мәслихаты **ШЕІШМЕТІ**:

1. Есіл ауданында тұратын, аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі және мөлшері қосымшаға сәйкес анықталсын.
2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат  
сессиясының төрайымы

Аудандық мәслихат хатшысы

**КЕЛІСІЛДІ**

*Есіл ауданының әкімі*

31 наурыз 2015 жыл

T.Жұсіпова

C.Кұдабаев

A.Қалжанов

Есіл аудандық мәслихатының  
2015 жылғы 31 наурыздағы  
№ 41/7 шешіміне қосымша

**Есіл ауданында тұратын, аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі және мөлшері 1. Тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі**

1. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен Есіл ауданы аумағында тұрақты тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) беріледі.

2. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін отбасы (азамат) "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысымен бектілген, Тұрғын үй көмегін көрсету Ережесіне сәйкес, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақмола облысы бойынша филиалы – "Халыққа қызмет көрсету орталығы" департаментінің Есіл аудандық бөлімі арқылы немесе "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 319 бұйрығымен бекітілген, "Тұрғын үй көмегін тағайындау" мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес, "электрондық үкіметтің [www.gov.kz](http://www.gov.kz) веб-порталы арқылы тұғын үй көмегін тағайындау мен төлеуді жүзеге асыратын, "Есіл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі-уәкілді орган) жүгінеді".

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 14.04.2016 № 2/5 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

3. Тұрғын үй көмегі құжаттарды берген айдан бастап толық ағымдағы тоқсанға тағайындалады, бұл ретте отбасының (азаматтың) өткен тоқсандағы табыстары мен коммуналдық қызметтерінің шығындары есепке алынады, мыналарды қоспағанда:

жеке меншігінде бір бірліктен артық тұрғын үйі (пәтер, үй) бар немесе тұрғын үйін жалға (қосымша жалға) беретін обасыларды (азаматтарды);

еңбекке қабілетті мүшелері жұмыс істемейтін, күндізгі оқу бөлімінде оқымайтын, әскерде қызмет етпейтін және уәкілдегі органды жұмыссыз ретінде тіркелмеген (медициналық - әлеуметтік сараптау комиссиясының қорытындысына сәйкес күтімге мұқтаж тұлғаларға күтімді жүзеге асыратын тұлғалардан басқалары).

Заңсыз және аса көтерілген тұрғын үй көмегін тағайындауға апарып соқтыратын көрінеу күмәнді мәлімет ұсынған кезде, меншік иесі (жалдаушы) заңсыз алынған соманы өз еркімен, бас тартқан жағдайда сот тәртібі арқылы қайтарады.

4. Уәкілдегі орган аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін төлеуді екінші деңгейдегі банктер арқылы өтініш берушілердің дербес шотына аудару жолымен жүзеге асырады.

5. Тұрғын үй көмегін төлеуді қаржыландыру тиісті қаржы жылына аудан бюджетінде көзделген қаржы шегінде жүргізіледі.

## **2. Тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері**

6. Отбасының (азаматтың) жиынтық табысын уәкілетті орган қолданыстағы заңнамамен анықталған тәртіпте тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірген тоқсанның алдындағы тоқсан бойынша есептейді.

7. Тұрғын үй көмегінің мөлшері осы мақсаттарға отбасының (азаматтың) коммуналдық қызметке жұмсаған шығыстарының нормалары мен шекті жол берілетін шығыстарының арасындағы айырма ретінде анықталады.

8. Отбасының (азаматтың) шекті жол берілетін шығыстарының үлесі отбасының (азаматтың) жиынтық кірісінің 11 % мөлшерінде мыналарға белгіленеді:

жекешелендірілген тұрғынжайларда тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстаяуға;

телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына;

жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысына.

9. Жекешелендірілген тұрғынжайларда тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстаяуға және коммуналдық қызметтерді тұтыну белгіленген көлемнің нормасынан жоғары болса, төлем жалпыға бірдей негізде жүргізіледі.

10. Өтемақы шараларымен қамтамасыз етіletіn тұrғыn үй көлемнің нормасы біr адамғa 18 шаршы метр болып қабылданады. Жалғыз тұратын азаматтар үшін жәрдемақы шараларымен қамтамасыз етіletіn тұrғыn үй көлемнің нормасы 30 шаршы метр болып қабылданады.

11. Жылумен қамтамасыз ету, кәріз, қоқысты шығару және сумен қамтамасыз ету коммуналдық қызмет жеткізушілері ұсынған төлем құжаттарының негізінде алдынғы тоқсандағы нақты шығындар бойынша төленеді.

12. Өтемақы шараларына жататын, электр қуатының шығысы нормасына айна біr адамғa 101 киловатт/сағат болып қабылданады.

13. Телекоммуникациялар желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақы тарифтерінің көтерілуіне өтемақы "Әлеуметтік тұrғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбіr мәселелері туралы"

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 қаулысымен бекітілген әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеу ережесіне сәйкес жүргізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК